

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 12 наурыз
сағ. 11:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Өуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (тізім бойынша).

1. Қазақстан Республикасында гидроаккумуляциялаушы электр станцияларын (ГАЭС) салу жоспары, Кербұлақ ГЭС, Бұлақ ГЭС және Белокатунь ГЭС салу туралы

(Қ. Есімханов)

1.1. Энергетика вице-министрі Қ.С. Есімхановтың Қазақстан Республикасында гидроаккумуляциялаушы электр станцияларын (ГАЭС) салу жоспары, Кербұлақ ГЭС, Бұлақ ГЭС және Белокатунь ГЭС салу туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Жаңартылатын энергия көздері департаменті, Электр энергетикасын дамыту департаменті:

- Қоғамдық кеңестің мүшелеріне өзгертілген Қазақстан Республикасының гидроэнергетикалық саласының 2020-2030 жылдарға арналған жоспарын ҚК мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, ұсынсын;

- Белокатунь ГЭС салу мүмкіндігін зерделесін;

- Қазақстан Республикасының аумағында жоспарланып отырған ГАЭС салу мәселесін бақылауда ұстасын және Қоғамдық кеңестің мүшелеріне жоба мәртебесі туралы мерзімді хабардар етіп тұрсын.

2. Субъектілердің электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметке төлемақыға тиімсіз шығыстары туралы

(Қ. Есімханов)

2.1. Энергетика вице-министрі Қ.С. Есімхановтың субъектілердің электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметке төлемақыға тиімсіз шығыстары туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:

- энергия беруші ұйымдарды ірілендіру мәселесін реформалаудың және электр энергиясының бөлшек нарығында дамуының жалпы контекстінде қарастырсын және Қоғамдық кеңес мүшелерін жүргізіліп жатқан жұмыс туралы мерзімді хабардар етіп тұрсын.

3. Тұтынушыларды ӘЖ-0,4 кВ-тан ӘЖ-10 кВ-ты терең енгізуге ауыстыру арқылы энергия өндіруші компаниялардың жаңа қуаттарды жаңғыртуы мен іске қосуын және АЭК тарату желілерін жаңғыртуды қамтитын электр энергетика саласын жаңғырту жоспарын әзірлеу туралы

(Қ. Есімханов)

3.1. Энергетика вице-министрі Қ.С. Есімхановтың энергия өндіруші компаниялардың жаңа қуаттарды жаңғыртуы мен іске қосуын қамтитын электр энергетикасы саласын жаңғырту жоспары туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті:

- тарату желілерін жаңғыртудың пилоттық жобасын зерделесін.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Б. Әуетаев